



## Құрметті студент!

2018 жылы «Ауыл шаруашылығы ғылымдары - 3» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B080400	«Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау»	1. Зоология 2. Ихтиология 3. Аквакультура 4. Балық аулау

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
  - Зоология
  - Ихтиология
  - Аквакультура
  - Балық аулау
- Тестілеу уақыты - 180 минут.  
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Тандаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
- Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
- Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;  
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;  
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға  
**қатаң тиым салынады!**

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

**Зоология**

1. Қарапайымдыларға тән белгілер:

- A) денесі көп клеткадан тұрады
- B) жиырылғыш вакуолінің болуы
- C) ас қорыту вакуолінің болуы
- D) денесі үш қабаттан тұрады
- E) денесі екі қабаттан тұрады

2. Губкалардың негізгі ерекшеліктері:

- A) бекініп тіршілік етеді
- B) дене қуысы парагастральды
- C) денесі үш қабаттан тұрады
- D) жынысты және спорогония жолымен көбейеді
- E) жынысты жолмен көбейеді
- F) паразиттік тіршілік етеді

3. Паразиттік тіршілік ететін жалпақ құрттар:

- A) Банкрофт жіпшесі
- B) Бала острицасы
- C) Шошқа солитері
- D) Ришта
- E) Сиыр солитері

4. Паразиттік тіршілік ететін сорғыштар:

- A) Банкрофт жіпшесі
- B) Сиыр солитері
- C) Адам аскаридасы
- D) Шошқа солитері
- E) Бауыр сорғыш
- F) Трихинелла
- G) Қан қосезуі

5. Буынаяқтылар типінің кластары:

- A) Азқылтандылар
- B) Сорғыштар
- C) Сүліктер
- D) Коловраткалар
- E) Насекомдар

6. Көпаяқтыларға тән ерекшеліктер:

- A) денесі бас, кеуде және құрсақ бөлімдерінен тұрады
- B) буындалған аяқтары бар
- C) денесі бас, тұлға және аяқ бөлімдерінен тұрады
- D) үш қабатты деңгейдегі жануарлар
- E) алғашқы қуыстылар

7. Шаянтәрізділер класының өкілдері:

- A) құршаяндар
- B) пішеншілер
- C) жалған құршаяндар
- D) крабтар
- E) креветкалар

8. Басаяқты моллюскаларға тән ерекшеліктер:

- A) денесі тұлға және аяқ бөлімінен тұрады
- B) алғашқы қуыстылар
- C) билатериальды симметриялы
- D) бақалшақты жануарлар
- E) сәулелі симметриялы
- F) асимметриялы жануарлар

9. Айқұлаққа тән ерекшеліктер:

- A) бақалшақты жануарлар
- B) алғашқы қуыстылар
- C) асимметриялы жануарлар
- D) билатериальды симметриялы
- E) денесі тұлға және аяқ бөлімінен тұрады

10. Қосжақтаулы моллюскалардың маңызы:

- A) жануарлардың эндопаразиттері
- B) жануарлардың эктопаразиттері
- C) адамның эндопаразиттері
- D) өсімдіктердің зиянкестері
- E) адам корек ретінде пайдаланады
- F) балықтардың қорегі
- G) биофилтраторлар

11. Тынысалу жүйесіне жататын мүшелер:

- A) жүрек
- B) желбезек
- C) клоака
- D) өңеш
- E) лимфа қапшығы
- F) ауыз қуысы

12. Қостынысты балықтар:

- A) Лай-балық
- B) Сауытты шортан
- C) Лепидосирен
- D) Латимерия
- E) Каламаихт
- F) Нил көпқанаты

13. Катрантәрізді акулаларға жататын балықтар:

- A) теңіз түлкісі
- B) поляр акуласы
- C) ақ акула
- D) теңіз періштесі
- E) плащты акула
- F) өгіз акула

14. Майшабақтәрізділерге жататын балықтар:

- A) таймень
- B) кета
- C) тюлька
- D) қаражон
- E) кижуч
- F) кумжа
- G) анчоус

15. Қазақстанда кездесетін құйрықты қосмекенділер:

- A) Өкпесіз саламандра
- B) Жалды тритон
- C) Жетісу аяқтыбалығы
- D) Мәрмәр амбистомасы
- E) Сібір бұрыштістісі
- F) Тритон

16. Жақтарында тістері болмайтын рептилиялар

- A) бисса
- B) алып тасбақа
- C) трионикс
- D) келес (кесел)
- E) жылан
- F) кесіртке
- G) дала тасбақа

17. Амфибиялар отрядтарына жататын қабыршақтылар

- A) ақ амфисбена
- B) теңбіл қосбасар
- C) питондар
- D) шұнақ кеселдер
- E) жилацье
- F) хирот
- G) соқырлар

18. Қазақстанның «Қызыл» кітабына тіркелген қазтәрізділер

- A) мәрмәршүрегей
- B) көкала үйрек
- C) кайра
- D) қаратұрпан
- E) ақбасүйрек

19. Құстардың тынысалу мүшесінің ерекшеліктері

- A) бүйеннің болуы
- B) ауа қапшықтарының болуы
- C) қос тынысалудың дамуы
- D) ректальды бездің болуы
- E) пилорикалық өсінділердің болуы
- F) астыңғы көмекейдің болуы

20. Жұмыртқаларын қоқысқа салатын құстар

- A) дуадақ
- B) безгелдек
- C) дәукөз тауық
- D) малео
- E) қоқыс тауығы

21. Ұясын тұрғын үйлердің шатыр астына салатын құстар

- A) кептер
- B) үйрек
- C) тырна
- D) жағалтай
- E) сарыжағал (майна)
- F) ләйлек
- G) сауысқан

22. Ескекаяқтылар отрядына жататын сүтқоректілер:

- A) дюгонь
- B) түтіктіс
- C) морж
- D) теңіз арыстаны
- E) сирен
- F) сивуч

23. Амниоталардың эпидермисінде болатын бездер:

- A) бокалтәрізді бездер
- B) ректальді без
- C) шырышты бездер
- D) тер бездері
- E) иіс бездері
- F) колбатәрізді бездер
- G) жыныс безі

24. Гастрүляцияға қатысатын процестер:

- A) органогенез
- B) инвагинация
- C) бөлшектену
- D) ұрықтану
- E) эпиболия
- F) элиминация
- G) нейруляция

25. Орман-тоғай сүтқоректілері

A) ақбөкен (киік)

B) құдыр

C) құндыз

D) бұлан

E) қарсақ

F) арқар

**Зоология**  
**ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**



**Ихтиология**

1. Омыртқа жотасының соңының пішіні мен орналасуы бойынша құрсақжүзбеқанаттарының түрлері:
  - A) гетероцеркалды
  - B) каудалды
  - C) вентралды
  - D) торакалды
  - E) югулярлы
  
2. Дене пішіні жыланбалықтектес балықтар:
  - A) треска
  - B) угорь
  - C) шырма-балық
  - D) амур
  - E) албырт
  - F) майшабақ
  
3. Пелагофилдерге жататын балықтар:
  - A) сазан
  - B) сазан
  - C) қылышбалық (чехонь)
  - D) көксерке
  - E) дөңмаңдай
  - F) бекіре
  
4. Судың тұздылығының күрт өзгеруіне тіршілік етуге бейімделген балықтар:
  - A) пелядь
  - B) гамбузия
  - C) атерина
  - D) сазан
  - E) көксерке
  - F) амур
  - G) дөңмаңдай
  
5. Өсімдікқоректі балықтар:
  - A) скат
  - B) көксерке
  - C) дөңмаңдай
  - D) бекіре
  - E) ақ амур
  - F) қара амур

6. Ерте пісіп-жетілетін балықтар:

- A) танабалық
- B) амур
- C) дөңмандай
- D) сазан
- E) атерина

7. Көктемде уылдырық шашатын балықтар:

- A) алабұға
- B) севрюга
- C) плотва
- D) амур
- E) бекіре
- F) белуга
- G) шортан

8. Gasterosteidae тұқымдасының түрлері

- A) атеринкалар
- B) теңіз шаншары
- C) теңіз инелері
- D) үш инелі шаншар балық
- E) тоғыз инелі шаншар балық

9. Берш келесі отрядқа, тұқымдасқа, туысқа жатады

- A) Cyprinidae
- B) Carassius
- C) Lucioperca
- D) Percidae
- E) Cypriniformes

10. Сазан келесі отрядқа, тұқымдасқа, туысқа жатады

- A) Acipenseriformes
- B) Acipenseridae
- C) Perciformes
- D) Perca
- E) Cypriniformes
- F) Pseudoscaphirhynchus

11. Басқанқасыздар класына тән белгілер:

- A) денесі плакоидты қабыршақпен жабылған
- B) жүрегі болмайды
- C) желбезектері желбезек қақпағымен жабылған
- D) төменгі жағы меккелев шеміршегімен келтірілен
- E) осьтік қаңқасы хорда
- F) жұп қанаттары бар
- G) атриальды қуысы болады

12. Дөңгелекауыздылар класының қазба отрядтары:

- A) бекірелер
- B) майшабақтар
- C) птераспидтер
- D) миксиалар
- E) биркенидтер
- F) көпқанаттылар
- G) миногалар

13. Тақтажелбезектілер класс тармағына тән белгілер:

- A) бұғана асты артериялары болады
- B) жүрегі төрт камералы
- C) желбезек саңылаулары екі бүйірінен 1-ден 15-ке дейін
- D) денесі плакоиды қабыршақпен жабылған
- E) ауыз аппараты сақиналы шеміршекпен келтірілген
- F) эпидермис көпқабатты, көптеген тері бездері болады

14. Бүтінбасты балықтарға тән балықтар:

- A) денесі мүйізді қабыршақпен келтірілген
- B) жұп қанаттары болады
- C) желбезегі терілі желбезек қақпағымен жабылған
- D) жүрегі төрт камералы
- E) жоғарғы жағы шаршы-таңдай шеміршекпен келтірілген

15. Сәулеқанаттылар класс тармағына жататын отрядтар (Actinopterygii):

- A) Salmoniformes
- B) Petromyzoniformes
- C) Ceratodiformes
- D) Lamniformes
- E) Myliodactyliformes
- F) Belontiiformes
- G) Pleuronetiformes

16. Сәулеқанаттылар класс тармағына жататын отрядтар (Actinopterygii):

- A) Petromyzoniformes
- B) Ceratodiformes
- C) Beloniformes
- D) Salmoniformes
- E) Lamniformes
- F) Myliodactyliformes
- G) Coelacanthiformes

17. Сәулеқанаттылар класс тармағына жататын отрядтар:

- A) Coelacanthiformes
- B) Rajiformes
- C) Cypriniformes
- D) Perciformes
- E) Acipenseriformes

18. Сүйекті балықтар класына жататын отрядтар:

- A) Moxini
- B) Lepidosteiformes
- C) Coelacanthiformes
- D) Rajiformes
- E) Hexanchiformes
- F) Squaliformes
- G) Petromyzoniformes

19. Қостынысты балықтар түрлері:

- A) Көпқанат
- B) Үлкен протоптер
- C) Лай балық
- D) Ескектұмсық
- E) Псефур
- F) Австралиялық мүйізтұмсық
- G) Америкалық чешуйчатник

20. Ганоидты балықтардың түрлері:

- A) Протоптер
- B) Мүйізтіс
- C) Ескектұмсық
- D) Көпқанат
- E) Чешуйчатник
- F) Сауытты шортан

21. Үлкен амудариялық күректұмсық келесі отрядқа, тұқымдасқа, туысқа жатады:

- A) Perciformes
- B) Cypriniformes
- C) Perca
- D) Pseudoscaphirhynchus
- E) Acipenseridae

22. Шоқыр келесі отрядқа, тұқымдасқа, туысқа жатады:

- A) Acipenser
- B) Perciformes
- C) Perca
- D) Acipenseridae
- E) Cyprinus
- F) Acipenseriformes

23. *Leuciscus* тырма-балық туысының өкілдері:

- A) аққайран
- B) тарань
- C) гольян
- D) қаракөз
- E) ыстықкөл шабағы
- F) торта

24. Хромистер *Cichlidae* тұқымдасының туыстары

- A) *Eleotris*
- B) *Cichlasoma*
- C) *Rutilus*
- D) *Cyprinus*
- E) *Tinca*
- F) *Carassius*

25. *Pleuronectidae* камбалалар тұқымдасының түрлері

- A) кәдімгі жұлдызсанамақ (звездочет)
- B) қара палтус
- C) ершоватка
- D) кәдімгі барабулька
- E) теңіз айдаһаршасы

**Ихтиология**  
**ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Аквакультура

1. Балықтардың ересек кезеңінде байқалады:

- A) жыныс бездерінің жетілмеуі
- B) жыныс бездерінің жылдам жетілуі
- C) сыртқы азыққа көшкендігі
- D) қосалқы жыныс белгілерінің дамуы
- E) жыныс бездерінің толық жетілмеуі

2. Балық өсу мерзіміндегі шабақ кезеңінде байқалады:

- A) қосалқы жыныс белгілері
- B) сыртқы көрінісі ересек организмге жақын екендігі
- C) жыныстық қызметінің төмендеуі
- D) жыныстық бездерінің тез дамуы
- E) экзогенді азыққа ауысуы
- F) қосалқы жыныс белгілерінің жоқтығы

3. Су қабатына уылдырық шашатын балықтар:

- A) қылыш балық
- B) тұқы
- C) шортан
- D) албырт
- E) кекіре
- F) бекіре

4. Тиляпия балығының биологиялық ерекшеліктері:

- A) оттегі жетіспеушігін көтере алмауы
- B) эврагалинді балық
- C) жартылай өтпелі балық
- D) салқын сүйгіш балық
- E) жылы сүйгіш балық
- F) жыныстық жетілуі 10 жылда
- G) оптималды су температурасы 15<sup>0</sup>C

5. Лен бекіресін жасанды жолмен көбейту:

- A) салмағы 3-4 кг
- B) жыныстық жетілуі 10-12 жасынан ерте емес
- C) судың температурасы 10-11<sup>0</sup>C
- D) салмағы 50 кг
- E) көбеюі қысқы мерзімде
- F) уылдырық шашуы судың тұздылығы жоғары кезінде

6. Бестер балығын өсірудің биологиялық ерекшеліктері:

- A) тоғандарда оттегі мөлшері 2-4 мг/л
- B) стеногалинді балық
- C) өсіру барында судың оңтайлы температурасы 20-25<sup>0</sup>С
- D) эвритермді балық
- E) өсіру барысында судың оңтайлы температурасы 35-40<sup>0</sup>С
- F) тоғандарда оттегі мөлшері 6-10 мг/л

7. Бекіре балықтарының шабақтарын кіші ауданды тоғандарда белсенді өсірудің биотехникалық мөлшерлері:

- A) балық салмағы 100 г
- B) отырғызу тығыздылығы 100 мың.дана/га
- C) өміршеңділігі (тірі қалу) 50%
- D) тоғанға отырғызу барысында балық салмағы 50 г
- E) отырғызу тығыздығы 20 мың.дана/га
- F) өміршеңділігі (тірі қалу) 95 %
- G) өміршеңділігі (тірі қалу) 100%

8. Бекіре балықтарының ұрықтанған уылдырықтарының жабысқақтығын кетіруге арналған заттары:

- A) сүт ерітіндісі
- B) жанартау балшығы
- C) танин
- D) су+ сүт
- E) хлорды әк
- F) тоған суы
- G) минералды лай

9. Жерсіндірудің алғы шарттары

- A) көбею сатысы
- B) экономикалық
- C) Карантинизация
- D) бейімделу
- E) физиологиялық
- F) географиялық
- G) өнеркәсіптік шаруашылық

10. Зауыттық әдіспен тұқым алудың жағымды жақтары:

- A) жұқпалы аурулары белгіленген шаруашылықтардан денсаулығы жақсы ұрпақ алу
- B) балықтарда жоғары жарақат болуы
- C) өсіру гормондарын қолдану
- D) ұдайы өндіріс процесінің күрделілігі
- E) өндірушілердің жылдам істен шығуы
- F) балық өсіруде шығын көп болуы

11. Ұрықтанған уылдырықтың дамуында тұқы шабағының постэмбрионалды кезеңі:

- A) жыныстық жетілмеген
- B) бір жаздық
- C) құртшабақтық
- D) бір жылдық
- E) кәрілік
- F) жыныстық жетілген

12. Тұқы шабақтарын қыстау жағдайында биотикалық фактор топтары:

- A) балық түрі
- B) су қойманың газдық алмасуы
- C) ортаның уыттылығы
- D) су құрамындағы тұздар
- E) тоған ауданы

13. Балық шаруашылығы тоғандарында үйректерді өсіру әдістері:

- A) салда өсіру
- B) астауда
- C) акваториалды
- D) үйшіктерде
- E) отарлық үйшікте

14. Тоған шаруашылықтардың жалпы ауданына байланысты түрлі деңгейдегі тоғандар қатынасы, %,

- A) қыстау- 50
- B) бас тоған- 5
- C) қыстау- 3-4
- D) уылдырық шашу- 2
- E) өсіру- 94-95



15. Жазғы тоғандар:

- A) карантинді
- B) қыстау
- C) уақытша ұстау тоғаны
- D) уылдырық шашу
- E) басты
- F) өсіру
- G) ата-аналық қыстық тоғандар

16. Ақсаха балықтарын тоған шаруашылығында өсірудің биологиялық ерекшеліктері:

- A) өсімдіккөректі
- B) біржаздықтардың салмағы 70-90 г
- C) жыныстық жетілуі 2-3жасында
- D) судағы оптимальді оттегі мөлшері 8-10 мг/л
- E) жыныстық жетілуі 15жасында
- F) максималді салмағы 30кг

17. Балықтар тұншығатын көлдерде тауарлы балықтарды өсіру тәсілдері:

- A) ағындық
- B) жылдық
- C) науалы
- D) бір уақыттық
- E) шарбақтық

18. Көлдердің классификациясы:

- A) гидрокарбонатты
- B) бейтарапты
- C) сутекті
- D) қышқылды
- E) сульфатты

19. Көлді балық шаруашылығында балықтардың өсуіне әсер ететін басты факторлар:

- A) минералды заттар құрамы
- B) көлдің тереңділігі
- C) оттегі мөлшері
- D) балық түрлері
- E) табиғи азық қоры
- F) көлдің ұзындығы
- G) түр және топтар аралық балық ара қатынасы

20. Құрастырушылық шешімдері бойынша шарбақ түрлері:

- A) қалытқы
- B) өзендік
- C) понтонды
- D) стационарлы
- E) жүзбелі

21. Балықтардың қондылық коэффициенті неге байланысты

- A) қабыршаққа
- B) балық өсуіне
- C) дене пішініне
- D) қанаттарына
- E) балық түрлеріне
- F) кәсіптік ұзындығына
- G) балық жасына

22. Индустриалды балық өсіруде қолданылатын жылы су көздері:

- A) геотермальді
- B) бөгет сулары
- C) жанартаулы
- D) тоған сулары
- E) өнеркәсіптік өндірістегі босатылған сулар
- F) көл суы
- G) жылу электростанцияларының босатылған жылы сулары

23. Микробиологиялық шикізатының компоненттері:

- A) сүйекті ұн
- B) ет-сүйекті ұн
- C) микробты масса
- D) құрғақ гемоглобин
- E) биотрин
- F) биокорн

24. Азықтану физиологиясы жағынан балықтың даму кезеңдері:

- A) кәрілік кезең
- B) постэмбрионалды
- C) жынысы жетілген
- D) құртдернәсілді
- E) шабақты

25. Тоғандарда жыланбалық шабағының қоректенуі:

- A) су температурасы  $12^{\circ}\text{C}$  төмен
- B) су температурасы  $12^{\circ}\text{C}$  жоғары
- C) балық салмағынан 26%
- D) пастатәрізді азықпен қоректендіру
- E) күніне 2-3рет
- F) балық салмағынан 3-6%

**Аквакультура  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Балық аулау

1. Үйірлік қасиет анық көрінеді:

- A) скумбрияларда
- B) алабұғаларда
- C) жайындарда
- D) бекірелерде
- E) тұқыларда
- F) тікенектерде

2. Желбезекті аулар:

- A) құрма аулар
- B) сүзіп алатын аулар
- C) дрифтерлі аулар
- D) торлы аулар
- E) ілмектер

3. Кемелерде балықтарды қалталау кезінде пайдаланылатын жүк арбалар:

- A) тралды-сейнерлік
- B) ілінге
- C) қол жүк арбасы
- D) механикалық
- E) жүктелген
- F) автомобильді
- G) баулы

4. Қалталы жылымның формалары:

- A) әмбебап
- B) мәстектерсіз болатын жылымдар
- C) егізді
- D) орнықтырылған қанаты бар теңқабырғалы
- E) қанатты
- F) еківаерлі

5. Балықсорғысы құралдарымен аулау барысында қолданылатын негізгі кемелер:

- A) дрифтерлер
- B) траулерлер
- C) жолаушылар кемесі
- D) гарпун кемелер
- E) балық аулайтын және тоңазытқыш кемелер
- F) жүкжолаушылар кемесі

6. Дрифтерлік аулауда пайдаланылатын кемелер:

- A) драгер
- B) сейнерлер
- C) дрифтер
- D) ғылыми-кәсіптік кемелер
- E) ярусник

7. Аулармен аулау тиімділігін жоғарылату жолдары:

- A) аулардың ұяшықтарының көлемін үлкейту
- B) бекіткіштердің көрінуін жоғарылату
- C) толықтырғыштары бар бекіткіштерді қолдану
- D) бекіткіштердің көрінуін төмендету
- E) ауларды сары түстерге бояу
- F) аулардың жүктелуін оптимизациялау
- G) аулау нысандарының таралу және мінез-қылықтарына назар аудару

8. Өзендік ығызба аулармен аулауды ұйымдастыру параметрлері:

- A) ауланатын балықтардың көлемі
- B) аулардың ұзындығы мен биіктігі
- C) қалқымалы аулардың арасындағы қашықтық
- D) аулардың қалқу жылдамдығы және иілу бұрышы
- E) кемелің ұзындығы
- F) қалытқының көлемі
- G) ауланатын балықта қабыршақтарының бар немесе жоқ болуы

9. Қалталы жылыммен аулау кезінде үйірлерді іздеу тәсілдері:

- A) гидроакустикалық құралдарды қолдану
- B) сынақталған
- C) ұшақтар мен тікұшақтардан
- D) қалталау
- E) біріктірілген
- F) қарапайым

10. Тралдың торлы бөлігі дайындалады:

- A) шәштан
- B) мамықтан
- C) пластмассадан
- D) нейлоннан
- E) капроннан

11. Аулау құралдардың сенімділігін сипаттайтын қасиеттер:

- A) психологиялығы
- B) эргономикалығы
- C) мүлтіксіздігі
- D) төзімділігі
- E) сақталғыштығы

12. Аулау құралдарды қолдану кезеңдері:

- A) әдеттегі қолдану
- B) құрастырылым
- C) анда-санда пайдалану
- D) жөндеу
- E) бағалау
- F) бөлу

13. Құрма ауларды құру тәсілдері:

- A) кемеге
- B) зәкірлерге
- C) топыраққа
- D) ығызбаға
- E) тереңдікке

14. Құрма аулармен аулауды қарқындатудың физикалық тәсілдер:

- A) көлденіңнен қуу
- B) түнгі режимді қолдану
- C) балықтарды электрмен қуу
- D) күндізгі режимді қолдану
- E) тігінен қуу

15. Өзендік ығызба аулармен аулау технологиясының операциялары:

- A) ауларды зәкірлерге құру
- B) ауларды жинақтау
- C) ауларды шығару
- D) ауларды жөндеу
- E) ауларды сатып алу
- F) ауларды құрғату
- G) балықты іздеу
- H) судың бетіне шығу

16. Өзендік ығызба аулармен балық аулау тәсілдері:

- A) ау ағыс бойымен қалқып жүзеді
- B) ауды өзеннің жиегіне кесе-көлденең қояды
- C) ау ағысқа қарама-қарсы бағытта жүзеді
- D) ауды ағысқа қарсы үш кемемен буксирлейді
- E) ауды ағысқа қарсы кемемен бірге буксирлейді
- F) ауды ағыс бойымен бір кемемен буксирлейді
- G) ауды кеме жүзе алатын арнаға қояды
- H) ауды ағыс бойымен екі кемемен буксирлейді

17. Дрифтерлі аулармен аулау орындарын таңдауда ескерілетін факторлар:

- A) қоректердің су қоймада таралуы
- B) желдің және судың ағыс күші мен бағыты
- C) құрал-саймандардың мықтылығы
- D) маусымдық факторлар
- E) аулау нысандарының орын ауыстыруы, жинақталуы, бағытталуы
- F) су қойманың гидрологиялық режимі
- G) шуақ күнді және жылы ауа-райы

18. Тастама жылымдармен аулаудың тиімділігін жоғарылату жолдары:

- A) жасанды жарықты пайдалану
- B) команданың техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілуін жақсарту
- C) аулайтын орынды таңдау
- D) жаңа торлы маталарды сатып алу
- E) акустикалық дыбыстар
- F) торкөздердің көлемін таңдау
- G) балық аулайтын команданың біліктілігін жоғарылату
- H) жаңа мамандарды жұмысқа тарту

19. Тастама жылымдармен аулау барысында балықтардың үйірі табылған кезде жасалынатын іс-әрекеттер:

- A) ауланған жердің жоспарын оқып үйрену
- B) үйірдің қозғалу бағытын анықтау
- C) аулар жиналған екі қайық бортқа қатарынан қою
- D) су қойманың ихтиофаунасын оқып-үйрету
- E) балықтарды еліктіру
- F) ау ширату, қайықтар тарқап кеткенде және балықты қоршап алу
- G) тереңдігі өлшеу
- H) желдің бағыты анықтау

20. Торлы матамен түйіскен кезде мүмкіндік туғызады:

- A) балықтарды қоректендіреді
- B) балықтар тік өрістейді
- C) балықтарды шоғырландырады
- D) балықтарды бағытталған жаққа қозғалтады
- E) балықты ұстайды
- F) балықтардың қозғалу белсендігін төмендетеді

21. Балықтардың бағдарлау реакциясын туғызады:

- A) қақпандар
- B) трал
- C) қалталы жылымдар
- D) құрма аулар
- E) дрифтерлі аулар
- F) тастама жылым

22. Үйірлердің алуан түрлі формалары:

- A) қорыққан
- B) пелагиалды
- C) сиретілген
- D) тығыздалғанда
- E) қыстап шыққан

23. Сүзіп аулайтын аулау құралдар:

- A) өзендік ығызба аулар
- B) дрифтерлі аулар
- C) тралдар
- D) мерез
- E) тастама және сутүбі жылымдар

24. Балықсорғысы құралымен аулады автономиялық ұйымдастыру:

- A) ғылыми зерттеулерді жүргізу
- B) балықты аулап алу
- C) жағадағы базаларға тапсыру
- D) торлы материалдарды сақтау
- E) кәсіптік құралдарды жинақтау
- F) кәсіптік құралдарды жөндеу
- G) кәсіптік құралдарды тексеру



25. Балықсорғысы құралдарымен аулау операциялар:

- A) кәсіптік құралдарды жөндеу
- B) балықтардың шоғырлану орындарын анықтау
- C) гидродинамикалық өрістердің әрекет ету аймақтарының ұзындық өлшемдерін анықтау
- D) кәсіптік құралдарды сақтау
- E) аулауға дайындалу
- F) балықтардың жасын анықтау
- G) балықтардың түрін анықтау

**Балық аулау**  
**ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**